



## ТАРИХЫН ҚАСТЕР ТҰТҚАН ЕЛ ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ



«Тарихсыз халық – тұл» сөзінің мағынасы мен маңызы көңіл бөліп, ой елегінен өткізген әрбір саналы жандар үшін өте тереңде. Себебі, бұндағы «тұл» сөзінің төркіні бір адамға қатысты айтылғанда «жетім», яғни, мына жалғанда ол кісінің әке-шешесі, еш туысы, ағайыны жоқ жалғыз екенін айқындаушы рөлін атқарады. Ал, енді тұтастай бір ұлтқа байланысты айтылар болса, сол ұлт немесе ұлыстың тарихы, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпы жоқ дегенге саяды. Одан әріге қарай қауза берсек, тіптен – тілі, діні, ділі және де өсіп-өнген өзіндік белгілі мекені, аумақтық тұтастығы да болмағаны туралы түсінікке әкелері сөзсіз.

Демек, бұл дегеніңіз дәуірлер бойы өзінің шығу, даму шежіресі бар кез-келген

ұлттар мен халықтар үшін орны толмас үлкен қасірет. Және де дәл осындай айықпас қасіретке душар болып, жер бетінен жойылып кетіп жатқан ұлт пен ұлыстар жүздеп, мыңдап саналады.

Осындай бір шарасыз күйге түскен халықты қиын жағдаяттан зерттеп, зерделеу арқылы алып шығар жолдардың бірі – ол тарих! Сондықтан да көптеген елдердің есімдері әйгілі оқымыстылары тарих ілімін құрметтеп, жоғары баға берген. Мысалы, оған орыс жазушысы Чернышевскийдің өз тарапынан «Білім мен ақыл ойдың дамуының негізі – ол тарихи білім алуда» - деп атап өткені дәлел.

Осынау адамзат ұрпағы тіршілік етіп жатқан жер шарындағы аталмыш қауіпті құбылыстың жүзеге асуы, әлемдік үстемдікке ұмтылған империялық көзқарастағы

мемлекеттердің отарлық, экономикалық езгілік саясатынан туындайтыны өкінішті-ақ! Аталмыш бағытта етек алып отырған сұрқия саясаттың – аз санды ұлттардың гасырлар бойғы мекендеп келе жатқан атақонысын, ел-жұртын, табиғи байлығын аяусыз талан-таражға салғаны аздай, қолдан жасаған түрлі апаттармен (аштық, соғыс, жұқпалы аурулар тарату т.б.) сол жердің тұрғылықты халқын қынадай қыратын ашкөздігі және бар.

Енді, осындай жағдаяттарды санадан өткізіп сараптама жасаған көкірегі ояу азаматтардың көкейіне бірден «Империялық бодандықтың құрбанына айналып, жер бетінен жойылып кетпес үшін не істемек керек?...» деген ой туындайды.

(Жалғасы 7-бетте)

Менің қазір тарихқа көбірек көңіл бөліп жүргенім неліктен? Ағаш биіктеп өскен сайын тамыры жерге тереңдеп бойлай береді. Адам да сондай. Ол болашағын неғұрлым көп ойласа, өткенін соғұрлым көп білгісі келеді. Олай етпейінше, болашақты жасау мүмкін емес.

Лияс ЕСЕНБЕРЛИН



## САҒЫНДЫРҒАН ӘЗ НАУРЫЗ

Әлемді жайлаған бірер жылдық эпидемияға байланысты үзіліп қалған ұлтымыздың Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтайтын Наурыз мерекесі жазиралы Жаркент өңірінде де үлкен дүбірлі дүрмекпен атап өтілді. Мереке қарсаңында аудандағы барлық елді мекендер құл-қоқыстан тазартылып, ауылдық округтердің орталық алаңдарында ақшаңқан киіз үйлер тігіліп, мемлекеттік мекемелер маңы айшықты қанатты сөздермен, түрлі-түсті тулармен безендірілді.

Осындай тойға дайындық шараларынан кейін аудан орталығы Жаркент қаласы да ерекше кейіпке еніп, жайнап кетті. Қаладағы барлық мекемелер мен кәсіпорындар ұжымдары әпсанадан тойланатын ұлық мерекеге үлкен дайындық жасапты. Аудан орталығындағы жалпы халықтық мерекелер өткізілетін алаңда киіз үйлер тігіліп, онтүстік қанатында ұлттық этномәдениет орталықтарының Наурыз тойын тойлау дәстүрлерінен хабар беретін көріністер көрмесі жасакталған.


Наурыз тойы бастау алар тұста халық алаңдағы үлкен сахна маңына топтасып, аудан өнерпаздары Наурыз тойының мәні мен маңызын әспеттейтін театрландырылған көріністер көрсетті. Одан соң салтанатты жиын өткізілді. Жиында аудан әкімі Марат Сағымбек тойға жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап сөз сөйледі. Өңірдің жаңа тағайындалған әкімі жаркенттіктерді ауызбірлікке, ынтымақ пен татулыққа, елмен бірлесіп атқаратын істе белсенділік танытуға шақырды. Сонымен қатар облыстық орыс орталығы Панфилов аудандық филиалының төрайымы Алина Коробова, аудандық ұйғыр этно мәдениет орталығының төрағасы Азат Гайтов, аудандық дүнген этно мәдениет орталығы төрағасының орынбасары Рехангүл Лосиева сөз сөйлеп мерекеге жиналған қауымды құттықтады.

Тойға жиналған қауым арасында ұлттық киім киген жандар көп. Әсіресе қазақтың өрнекті шапанын, камзолын киген адамдар ұлттық сезімнің ұлықтала бастағанын айғақтағандай. Сонымен қатар алаңда ұлттық ойындар ұйымдастырылып, асық ату, қошкар көтеру, күрес пен кір тасын көтерумен жарыстар ұйымдастырылды.

Салтанатты шарадан кейін алаңға жиналған халыққа аудан өнерпаздары үлкен концерт көрсетті. Мерекелік көңіл күймен мәре – сәре болған жаркенттіктер киіз үйлерді аралап қазақы қонақжай дастархандардан дәм татты. Дәстүрге сәйкес барлық дастархандарда әр түрлі ұлттық тағамдармен қатар наурыз көже мол болды. Осындай Наурыз мерекесі аудандағы барлық отбасында, ұжымдарда жалғасын тапты.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ,  
Жаркент қаласы.

## ТАҢБА – ТҮРІКТЕРДІҢ ГЕНЕОЛОГИЯЛЫҚ КОДЫ



маңызды менталды мәдениеттанушылық фактіге сүйенеді. Бұл бойынша, түркілер бір ел, ұлыс ретінде өз мемлекеттерімен бір жерде тарих сахнасына шығып, тарихи уақыт пен кеңістікте өз орнын айқындауға тырысқан секілді көрінеді. Бір этнос ретінде олардың тарихы осы мемлекеттердің тарихымен басталады. Мажар тарихшысы Льюис Лигети де түркілердің мемлекет өмірінің басты ерекшелігіне назар аударып «Түркі халқы кең таралуға бейім жауынгер халық. Ол, бұл істі шебер меңгерген, әрі мұның ең тамаша мысалы бола алады. Оның ұйымдасу күшіне, мемлекет құру қабілетіне қаншалықты қайран қалсақ та аз» - дейді.

(Жалғасы 3 бетте)

Түркі мәдениетінің, қоғамдық-саяси өмірінің тарих бойы қалыптасып, мызғымас ерекшеліктерге ие болған көптеген құндылықтары бар. Осылардың ішінде түркі өркениетінің өзі секілді көне «ұлыс», «төре», «танба», «қағанат» (қағандық), «кенес» (генешек) деген ұғымдар маңызды орын алады. Бұл ұғымдар тарихтың кейінгі процестерінде кейбір түркі халықтарында белгілі бір өзгерістерге ұшыраса, ал кейбіреуінде сол күйі, өзгеріссіз қалды.

«Ұлыс» – ең көне түрк жазба ескерткіштерінде қолданылған сөз. Бұл - прототүркі тілінде «ил» (ел) түбірінен жасалған, кейінгі семантикалық және лексикологиялық дамуында одан әрі байып, синтез түрінде «ел», «этнос», «халық» және «өлке», «мемлекет», «қоғамдық-саяси құрылыс» ұғымдарын білдірген. Түркі мемлекеттілік генезисінің зерттелуінен туындаған алғашқы маңызды пікір де осы